

«Бекітемін»
«Күншуақ» балалық бақшасы» МКҚК
менгерушісі *Ж.А. Курманова*
«16» «*сәуір*» 2024 жыл



Спорт-біздің досымыз



Дене тәрбиесі нұсқаушысы:
Арыстанғалиева Н.Ж.

Мақсаты: Балаларға денені шынықтырудың пайдасын, адамның дені сау сергек болуына көмектесетінін түсіндіру. Балалардың көтеріңкі көңіл күйде болуын қалыптастыру, тепе-теңдікті сақтау, шынықтыру жаттығуларына, сайыстың шарттарына қызығушылықтарын арттыру.

Құрметті ойыншылар бүгінгі «Спорт-біздің досымыз» атты эстафеталық жарысымызды бастаймыз. (екі топ)

Ал сайыскер балалар

Ешкімің жоқ алалар

«Жеңімпаз» болу үлкен ерлік

Оны әділқазы бағалар.

Барлығымыз тұрайық ,

Жаттығуды жасайық

Денемізді қыздырып,

Сайысты біз бастайық. (дене қыздыру жаттығулары)

Жарыстың шарты

1. Кім жылдам ?

2. Көлік айдау.

3. Жүйрік ат

4. Кім шапшаң?

Құрметті сайыскерлер сіздерге сәттілік !

1. Кім жылдам?

Шарты: Сөреде тұрған ойыншы орта жолда кезіккен доғаның астынан өтіп, мәреде тұрған кедергіні айналып өтеді, ойыншылар кезекпен орындайды.

2. Машина айдау.

Шарты: Жеңіл көлікке мінген ойыншылар мәреде тұрған кедергіден айналып өтеді.

3. Жүйрік ат.

Шарты: Топ басшысы атты ұстап, тобы аттың жалынан ұстап сап түзеп, кедергілерден өтеді. Қай топ бірінші келсе сол топ жеңіске жетеді.

4. Кім шапшаң?

Шарты: Мәреде тұрған шеңбер ішіндегі допты алып, сөреде тұрған шеңберге салады.

Ал, спорт сүйер қауым, асыға күтіп отырған боларсыз, бүгінгі сайысымыздың жеңімпаздарын анықтауды қазылар алқасына тапсырайық. Қорытынды сөз.

